



Barigam200

Mar 31 2017

Ұраным - Алаш!

✓ Әміржан
Әлмейісов

*Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің профес-
соры, тарихшы-жазушы.*



АНА ЖҮРЕГІ

(Алаш айдынындағы аққу)

Отаршылдық саясатты «кедейлер өкіметі», «тап күресі» деген жалған ұранмен жалғастырған коммунистердің науқаны таусылмады. Дінді апын етіп, моллаларды қойша сабатқызды. Ежовтың тікенді қолқабымен «халық жауларын» алқымынан сығымдап, тұншықтырумен болды. Тек, мұртынан жымиған Сталин көсемді еңбекші халықтың әкесі, күннен-күнге жарқырап, шуағын бар адамзатқа шашуда деп шулады. Ал сол Қызыл империяның жоспарлы жорығынан 105 мың алаш ардақтылары қуғын-сүргінге ұшырады.

1925-ші жылдың қыркүйегінде М.Голощекиннің Қазақстан Компартиясының 1-ші хатшысы болып келуімен бірге, қазақ оқығандарын жаппай қуғындау басталды. 1926-1930 жылдары қуғындалып, сотталғандары аз атылса, 1937 жылдан бастап қазақ интеллигенциясы мыңдап қырылды. Бір Алматы қаласының өзінде 1938 жылдың 25-ші ақпанынан 13-ші наурызына дейінгі аралықта 631 адам атылған. Осы жылы күн сайын орта есеппен 43 адам атылып отырды. Қазақ жерін қайғының кара бұлты басып,

Қызыл империяның сұркия дауылы тұрды. Есті есінен ауысты, есерлер ілгері басты...

Қызыл империя саясатының сапырылысы актық, қараны қара деп, қаймықпай турасын айтатын тілеулес жұрттың берекесін кетірді. Жұрт тірі аруаққа айналды. Түрі, қимылы бар, жаны жоқ. Түстері жабыңқы, мылыққа түсіп, жымырайған кәртүздерге жасырынған көздері ғана жылтырайды.

Фатима Ғабитова 1937 жылдың тамызында Ілияс Жансүгіровтің қалай тұтқындалғанын күнделіктерінде былай еске алады:

«Тамыздың он бірінде Жазушылар Одағының парторгы Әбдіқадыровтың шақыру телеграммасын Дегерестегі жайлауда алдық. 13-ші күні Алматыға келдік. Біраз жазушылардың тұтқындалғанын естідік. Көңілді қорқыныштың күдігі биледі. Ілияс үйден шығып кетіп, бірер сағаттан кейін Мұхтар Әуезовпен бірге келді. Өңдері суық, қабақтары қатулы. Үшеуміз түскі тамақты үнсіз іштік. Ілияспен Мұхтар жұмыс кабинетіне оңашаланып, ұзақ әңгімелесті. Қас қарая біз Мұхтарды шығарып салуға көшеге шықтық. Екеуі тағы да ауыр шыққан дауыстарымен әңгімелерін жалғастырды. Мен кібіртіктеп, жүрісімді баяулаттым... Ілияспен Мұхтар күн батып, кеш қарайса да, көшеде ерсілі-қарсылы ақырын жүріп, арасында тоқтап-тоқтап, бір-бірінен көз алмай қарасқан күйлері ұзақ әңгімелесті. Өңдерінде басқа түсіп, иықты басқан қасіреттің нышаны бар.

Өміріне қауіп төнген кезде адам аз сөйлесе де, шын сөйлейді. Өмірдің мағынасына үлкен мән беріп, қатер төнген әр сағатын қадірлей алады. Тағдырларының ауыртпалығына көндігіп қана қоймайды, адамгершіліктің бет-пердесін сақтауға тырысады. Шынайы аманат та осындайда туатын шығар. Жайшылықта сөздеріне араласып, дастарқан басына шақыра беретін ерке келіншек болсам да, қастарына баруға батылым жетпеді. Қоғамды жайлаған қасіреттің қара бұлты қоюланып, менің үйіме де келе жатқанын сезіндім... Қорқыныштан бойыма біткен нәресте де шошынып, іштей тебісін қоймады. Кезінде қызылдардың әскерінен, большевиктерден

Қапалдан Ақсуға қашып, босынғанымыздай бар сана-болмысымызды үрей билеп, тынысым тарылып, кеудем аши бастады. Шошындым... Денем өздігінен мұздап, жүрегім суып, қалтырауға айналдым...

НКВД-нің жаналғыштары түнде келді. Тұтқындау жөніндегі қағазды көрсетер-көрсетпестен үйдің астаң-кестеңін шығарып, тінтуге кірісті. Байғазыдай бәленің бәрін болжайтын НКВД-ның жандайшаптары тұтқынға алуды көрсоқырдай түнделетіп іске асыруды осылайша әдетке айналдырған. Тіміскілеген иттер іздегендерін таппай, тінтулерін таң атқанша жалғастырды. 1930 жылы Біләлді жазықсыз тұтқындап, жазған өлең, пьесаларын НКВД алып кеткенде жүрегім алғаш шайылып еді. Соны көргендіктен болар, мен Ілиястың қолжазбаларына мұқият қарауды әдетке айналдырып едім. Жарияланбаған өлең-поэмалардың түпнұсқаларын шоландағы сандыққа салып, үстіне ескі-кұсқыны тастай салатынмын. Ол қолжазбалардың арасында ашаршылық кезінде жазылған шығармалар да бар еді. Балалар улап-шулап жылауын қоймады. Шошынып шырылдаған Үмітім мен Ильфамды құшағыма алып, дауыстарын шығартпайын деп бауырыма қатты қыстым... Өксіктерін баса алмай, қалшылдаған қос қарғашымның көз жастары көйлегімнен өтіп, денеме жетті... Ілияс Жансүгіровтей еліне жан-жүрегімен құлдық ұрып, ұлтжандылықтың тума бұлағын суалтнауға тырысқан азаматтың «халық жауы» болды дегенге кім сенер. Не қылған сұм заман еді...»

Ілияс Жансүгіров тұтқындалғанда Фатима Ғабитова үш ұл, екі қыз – бес баламен «халық жауының» әйелі болып артында қалды...

Сол сұрапыл күндерде Фатима Ғабитова небір сұмдықтарды басынан өткерді. Күйеуі тұтқындалған күннің ертеңінде-ақ, соттың үкімінсіз, ақ-қарасына карамай «халық жауының жанұясы үйді босатсын» деген шешім шықты. Барар жер, басар тауы жоқ. Пәтерлерін өкімет пен партияны жатпай-тұрмай мақтап жүретін ортан қол жазушы Қ.-ға берді. Ол аз күн бір бөлмеде тұруға да қараттырмай, Фати-

ма Ғабитованы балаларымен көшеге қуып шықты. Сондағы айтқан сөзі: «Қалай менің балаларым «халық жауының» балаларымен бір шаңырақтың астында жатып, бір есіктен кіріп-шығып жүреді». Өзі талай жақсылықтарын көрген Біләл Сүлеев пен Ілияс Жансүгіровтің балаларын көз жастарына карамай, күздің суығында далаға қуды. Өкіметке жағып, ел ашығып, берекесі кетіп бұралып жатқанда, жемегені алдында, жегені артында шалқақтап жүрді... Ажалдың аяусыздығынан, адамның қаныпезерлігі жаман екен... Елден біржолата береке кетті. Өзді-өзіміз дүрегей болмай, бірегей болып, ел болайық деген Алаш азаматтарының орнын ұры мысықтай жымсыңқырағандар басты.

Фатима Ғабитова жауын аралас қарлы күндері кішкене пәтерде тұратын Бейімбет Майлиннің кіре беріс бөлмесіне балаларымен көшіп баруға мәжбүр болды. Көшіп жүргенде мезгілсіз толғағы қысып, перзентханаға жете бере нәрестесін көшеде туды... Ал үйлеріне ие болған жазушы Қ...ы олардың қалған дүние-мүлкін Бейімбет Майлиннің есігінің алдына әкеліп төңкеріп кетті. НКВД-ның қолына түсіп үлгермеген қолжазбалар көшеге шашылды... Амалсыздан балаларын Қапалдағы туыстарына жіберуіне тура келді. Ал өзі сол күндері қойнында жас нәрестесі Болат бар, таңның атысы, күннің батысы Ілияс Жансүгіровпен кездестіріп қала ма деген үмітпен түрменің есігін күзетті. Түрменің айналасында туыстарының хабарын күткен адамдарда сан жоқ. Көбі казак зиялылары, акын-жазушыларының әйелдері, бала-шағасы. Тергеу бітпей кездесуге рұқсат жоқ десе де, үмітсіз шайтан, ешкім де кетпей, түрмені айналшықтай береді...

Жамандық жамандықпен жалғасын тапты. Ілияс Жансүгіровтің қасіреті аздай Фатима Ғабитоваға Қаракалпақстаннан 14 жасар үлкен ұлы Жәнібек әкесі «халық жауы» Біләл Сүлеевпен бірге түрмеге түсті деген хабар келді. Ол жылдары Біләл Сүлеев Москвадан Қаракалпақстанға оқу министрі болып жұмыс ауыстырған еді. Күйінген ана ішіндегі құсасын қағаз бетіне түсіреді.

Фатима Ғабитова көптің бірі болып, заманның тауқыметіне иілмеді. Өрлігін, Ұлы даланың ардақты азаматтарының жары болғанын қадір тұта білді.

1937 жылдың қайғы-қасіреті жөнінде ештеңеден қорықпай өлең жазып, жора-жолдастарына оқыды. Кеңес үкіметін зұлым айдаһарға теңеді.

*Қанды жыл мың тоғыз жүз отыз жеті,
Айдаһар түгін тігіп, зәрін төкті,
Орны толмас сан сұңқар қанат қақты,
Еріксіз ұшқан олар қайда кетті?!...*

Әсіресе дос болып жүріп, қас болған ынжықтарды қатты сынады.

*Барлық дос қайырылмай қашты бүгін,
Барлығы әлдеқайда босты бүгін.
Шенқұмар, мансапқұмар, өңіең жасық,
Шын сөзін де айта алмай састы бүгін.
Өңіең жасық, шіріксің қансаң да сен,
Барлығыңды жасауға тартармын мен.
Әділ үкім жер жүзінде болса егер,
Бересің бір күн жасап, насық көкем, - деп*

каламымен сыбанып күреске шықты.

Адамның тәні таңғы тұман сияқты, дұрыстап қарай алсаң оның арғы жағында жан көрінеді...

Азыну шекке жетті. Қазақтың жауы қазақ болып, қандас-туыстарын қызыл аждаһаның аузына өздері салып, азапқа түсірді. О дүниенің тамығы қазақтың тіршілігінің қазаны мен дастарқанынан көрініс тапты...

Бет-пердесі ашылған пендешілік, күнделікті өмірдің сикын кетірді. Қаралы күндердің ауыртпалығы артып, қанды жылдар тоқтаусыз жылжи берді. Фатима Ғабитованың бойында көрген азап-зорлығының мөлшері қанша көп болса, сол зорлыққа деген қарсылық та сонша болды. Алды-артын ойлайтын есеп-қисабы болса да, кейбіреулердей талма түсте бырысқан терідей бір уыс боп тырысуды білмеді. Біләл Сүлеев пен Ілияс Жансүгіровтің өзінен тумаған балаларын да іздеп тауып, бауырына басты. Көз ұшынан ұзатпай, қолұшын беріп көмектесті... Ерте ме, кеш пе әділдіктің ақ таңының ататынына сенді. Күтті... Бірақ, өзін азапқа салып,

балаларын жетім қалдырған қас дұшпандарына деген ыза-өшін ішінде сақтады.

Ілияс Жансүгіров «халық жауы» ретінде сотталып, «ит жеккенге» жер аударылды десе де, Фатима Ғабитова түрмені айналшықтай берді. Жүрегі жамандықты сезсе де жақсылықтан үмітін үзбеді... Мұңдас, қайғылас кұрбылары Гүлбарам Сейфуллина, Гүлжамал Майлина Ақмоладағы «халық жаулары әйелдерінің түрмесіне» айдалды. Халық жауларының балаларын анасынан айырып, аты-жөнін өзгертіп, «жетімдер үйіне» жібере бастады... Қайда барса да сыбыр-күбір қорқынышты қауесет. Жұрт аз сөйлесе де, түрлерімен көпті айтып, көздеріне мұң ұялайды... Сөздерінің емексітуден гөрі шошытуы жиі. Шарасыздықтың сергелдені екеніне көзі жетсе де, үмітін үзгісі келмей, амалсыз тыңдайды.

1938 жылдың сәуір айында «Социалистік Қазақстан» газетінде он тоғыз «халық жауының» атылғаны жөнінде хабар шығып, соны барлық оқу орындарында талқылау басталды. Фатима Ғабитова сол он тоғыздың бірі Ілияс Жансүгіров екенін білмесе де, өзінің оқушыларына халық жауларын ашкерелемеді. Оның орнына бұл жұмысты оқу ісінің меңгерушісі жасады...

Сол 1938 жылы Ілияс Жансүгіровтің отбасы екі жылға Семейге екінші рет жер аударылды. Фатима Ғабитова бес баласымен тағы да айдауға түсті. Семейде НКВД қызметкерлері тағы да тамықтың отын жағып, үкіметке берілгендіктерін көрсетіп, жұмысқа тұруына рұқсат бермей, балаларын ашықтырды. Амалсыздан пәтердің жалына, балаларының азығына қысқы киімдерін, сақина, жүзік-білезіктерін сатып, алмастырды. Қайрат көрсетер, бас көтерер жалғыз өзі. Билік болып көрінген жауыздарға қарсы күресер дәрмен де аз. Жағдай тек Фатима Ғабитованың Сталинге жазған хатына жауап келгеннен кейін ғана өзгерді. Мектепте сабақ беруге мүмкіншілік алды...

Балды базары артта қалғанын білсе де, бар тілегі балаларының болашағы болды. Бейсауат милиция киіміндегі адам көрсе жиырыла қалып, тынысы тарылып, тұла-бойы мұздайды. «Тағы бір пәле бо-

лып қалды ма» деп көңілі алаңдап, жүрегі суиды. Сондағысы «тұткындалып, түрмеге жабылса, балалары қайда барады, қаңғырып аштан өледі-ау» деген ой... Кежір тірліктің ың-жыңы таусылмай, ет-бауыры елжіреп, іші ұлып жүрсе де, сыр білдірмей, бәріне төзе білді. Максаты - Біләл Сүлеев пен Ілияс Жансүгіровтердің артында қалған балаларының амандығы, ұрпақтарының жойылып кетпеуі...

Заман зұлматының жапасы, қапасы кешегі бал дәурен өмірді қанша ластағанымен, сезім болып, бойға сіңген таза жан әлемін кірлете алмады. Қиыншылықты күдіреттің сыны деп қарауға айналды. Іштегі өмірге, сұлулыққа, парасаттылыққа деген сүйіспеншіліктің дінгегін сындыра алмады. Жастайғы өмір үшін күрес тәжірибесі қандай бір қиындық кездескен сайын өрлендіре, қайсарландыра түсті...

Біләл Сүлеев пен Ілияс Жансүгіров үшін қандай қиыншылықты басынан кешсе де олардың рухына табынып өтті. Дәмдері жараспай, Біләл Сүлеевпен ажырасқаннан кейін де ол жөнінде бір ауыз қиянат сөз айтпады. Қайта бар балаларына үлгі қылып, еңбектерін оқуды өсиет етті. Есінен шығарған жоқ. Аруағына:

Қап аралас көз жасынан

Аптағандай боламын.

Сорлы бір жанның моласын,

Таптағандай боламын, - деп өлең жолдарын арнады.

Фатима Ғабитова 1940 жылы екі жылдық айдалу мерзімін өтеп, Алматыға келгенімен, 1942 жылы қайтадан Жамбыл облысы, Мерке ауданына жер айдалды. Құппижамалдың еңбегінің орны зор. Ол өз өмірін Фатима Ғабитованың жанұясына арнады. Барлық ауыртпалықтарды көтерді. Егерде Құппижамал болмағанда Фатима Ғабитова балаларын асырап, өсіре алмаушы еді. Олар арзандау болсын деп, Мерке қаласының маңындағы ауылдан бес баласымен шағын бір бөлме кепешік жалдады.

Фатима Ғабитова үшін тағы да жүректі ойып, өзекті ортейтін күндер көбейді. Ертесімен күн

шыкпай 5-6 шақырым жердегі Мерке каласындағы мектебіне жаяу барып, кешкісін арып-шарып жаяу үйіне зорға жетеді. Қанша шаршап келсе де, табанының дуылы басылысымен үйдегі тірліктің камына кіріседі. Келесі күнге балаларына тамақ әзірлейді, кірлерін жуады. Күл шығарып, от жағады. Жатарында балаларына өлең оқиды, орта котан отырғызып, майшамның жарығымен кезектетіп кітап оқытады. Көбіне өзі Ілияс Жансүгіровтің «Шилі өзен, камыс ай» өлеңін ыңылдап айтып, кенжесі Мұрат Әуезовпен бірге қалғиды.

Тұрмыстың тепірішін аз көрмесе де, балаларын ешкімнен кем қылмай, жан-жақты білім беруге, еңбекке баулуға тырысты. Көкей кескен армандары сағымданып, алыстаған сайын, самайын кырау шала бастады. Ешқашан балаларына сағының сынып, қиыншылыққа налығанын көрсетпеді.

Күндіз мектептегі жұмыс көңілін тыныштандырып, беймаза ойларын ұмыттырғандай болады... Бірақ ұзақ түн бәрін еске салады. Әсіресе тансәрі - қорлықтың көрі. Аз болса да тыныққан дене болмысты тербеп, іштегі мұң-зарды қайта-қайта ойға әкеледі. Аяулы жандар, балалардың ертеңі, күмән мен күдіктің аңсары жанды жейді... Балаларының ертеңін ойласа да, ол уайым теңізінің тұңғиығына берілмеді. Шер-шеменді іште тұндырып, сыртқа сыр бермеуге тырысты, сабыр тұтты. Амалсыздықтың тауқыметіне арланып, әлденеге қорланып, оңашада көзіне жас келсе де, сезім түйсігін жансыздандырып, намыстың атына мінді. Ешуақытта, ешкімге де «мен шерлінің күнін көрудемін, күн көрісім қиын» демеді. Күйзеліп қиналып жүрсе де, дәурені өткендей жүргендерден әлдеқайда биік болды. «Халық жауының» айдаудағы әйелі болса да, қайсарлығының, ақылдылығының, тектілігінің аркасында өзін мойындата білді. Мектептегі оқу ісінің меңгерушісі болып, жас түлекті тәрбиеледі. Ұстаздығынан жалықпай, қажырлы еңбегімен ер азаматтың ісін істеді.

Фатима Ғабитоваға жұбайы Ілияс Жансүгіров халық жауы болып іс-түзсіз жоғалғаннан кейін көмектесіп, отбасына қамқорлық жасаған Мұхтар

Әуезов болды. Өзінің соңында қоңырауы болса да, ол шама-шарқына қарай Алаш зиялылары, пікірлес достарының жанұяларына қолұшын беруден жалықпады. Реті келгенде достарының жазғандарын жақтап, өздерін ақтауға тырысты. Смағұл Сәдуақасовтың тапсырмасымен Ілияс Жансүгіровтің қолындағы құжаттарды алу үшін Алматыға келгенде Біләл Сүлеевтің үйіне түсіп, оның әйелі Фатима Ғабитовамен танысты. Бұл 1927 жыл болатын. 1916 жылғы Ұлт Азаттық қозғалыстың тарихи орнына үлкен мән берген Смағұл Сәдуақасов министрлік құзырын пайдаланып, көтерілісті зерттеу үшін комиссия құрып, оның хатшысына Ілиясты тағайындапты. Көтеріліске қатысқан адамдардың естеліктерін, барлық жиналған құжаттарды өкіметке өткізгенде көшірмесін Ілияс Жансүгіров сақтап қалыпты. Енді сол құжаттардың негізінде Мұхтар Әуезов халыққа керек, ұлттық сананы қамшылайтын шығарма жазуға тиіс болды. Мұхтар Әуезовтың Сүлеевтер отбасымен хат жазысып, араласуы сыйластықпен жалғасты. Кейін Фатима Ғабитова Ілияс Жансүгіровпен қосылғанда олардың қарым-қатынасы достыққа ұласты. Смағұл Сәдуақасов, Мұхтар Әуезов және Ілияс Жансүгіровтер араларынан қыл өтпес сыйлас жандар болды. Мұхтар Әуезов пен Фатима Ғабитова арасындағы шынайы сезім жақындығы ұзақ жылдарға созылды. Өзінің жүрегінің түпкірінде жүрген құпиясын ұлы жазушы Фатима Ғабитоваға 1939 жылы екінші рет айдауда жүргенде әдейі барып білдірді. Бірақ Фатима Ғабитова Мұхтар Әуезовтен балаларының жүрегін ауыртпау үшін келмеуін өтініп, араларындағы қарым-қатынасты бірнеше жыл құпияда ұстады. Өзі де сүйікті жары Ілияс Жансүгіровті өлімге қимай, әлі де алаңдаулы еді. Тағы да бір азаматтың обалына қалып, қан жылағысы келмеді...

Мұхтар Әуезовке тұрмысқа шығуына мүмкіншілігі болса да, замана зарын көп тартып, алды-артына дұрыс көз сала білген әйел, қара басының қамынан ер-азаматтың тағдырын биік қойды. Біләл Сүлеев пен Ілияс Жансүгіровтер «халық жауы» болып атылған

соң, Мұхтар Әуезовтің де сол отқа түскенін каламады. Сыртқа шығарып айтпағанымен бай таптың, діни ортада өскендігінің де күйеулерінің ұсталып атылып кеткеніне өзінің де зияны тиіп кетті-ау деген ойда болды. Өйткені әкесі Зейнолла Ғабитов Қапал қаласының Қытаймен сауда жасасқан ірі көпесі болса, анасы парсыша-арабша бала оқытқан діни ұстаз болып еді. Өзі де талай жұмысқа орналасқанда шыққан тегі жөнінде кинала жазып, кипалақтайтын. Біләл Сүлеев те, Ілияс Жансүгіров те, кедей-жұмысшы болмаса да, орталау таптан шыққан байлығы жоқ азаматтар еді. Екеуі де кеңес үкіметін, большевиктер партиясын бар жан-тәндерімен қорғаған... Сонда да ...Фатима Ғабитова ол жылдары коммунистік саясаттың китұрқы айласына әлі де терен бойлай қоймады. «Қызыл қырғынның» аз ұлттың бетке ұстар, ел камын ойлар азаматтарын әдейі құрту екенін білмеді. Сталинге, Москваға сенді...

1942 жылы желтоқсанның 31-інде Мерке қаласында Мұрат Әуезов дүниеге келді. Естерін біліп қалған әпкелері Үміт пен Ильфа жас нәрестеге не болды. Жас сәбимен бірге үйге қуаныш та келді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазу барысындағы ең сәтті, нәтижелі кездері Фатима Ғабитовамен түсінісіп, жақындасқан жылдары болды. Фатима Ғабитова ұлы жазушыға тірек те, ақылшы-жанашыр да, сүйікті ұлының ардақты анасы да бола алды.

Фатима Ғабитова 1943 жылы Мерке қаласында өзі сегіз жылдық мектепті он жылдыққа айналдырып, оқу менгерушісі болып жүргенде ұлы Жәнібектің Смоленск қаласы маңында қаза тапқаны жөнінде кара қағаз алады. «...Конвертті айналдырып, айналдырып карадым. Конверт қорқынышты көрінді, ашқым келмеді. Амал қанша, аштым... Денем күйіп кеткендей болды. Жылай алмадым, орнымда отырып қалдым... Қанша отырдым, оны білмеймін. Қоп ойлар ойладым... Жәнібегімді бірде «Бакытсыз балам», бірде «Бакытты балам» дедім. «Тілегіңе жетпедің» деп зарладым. Өйткені оның тілегі – жер жүзіндегі жауды құрту еді, өз жеріндегі жауды да құрта ал-

май өліп кетті... Күндер өтіп жатты... Жүдедім, сондай жүдедім, танымастай болып өзгердім... Маған ештеңе де жұбаныш бола алмады.

*Коз нұрым, қарашығым қуатым-ең,
Көңілімнің қол-дариядай суаты ең.
Бірде олай, бірде былай тұрмысымның,
Қайғысын көкірегімнен жуатын ең...»*

Фатима Ғабитованың өмірінде 1949 жыл ерекше орын алды. Бұл жылы Москва билігі соғыс кезіндегі еңбегін бағалап: «Судимость, вместе со всеми связанными ограничениями с Ғабитовой Ф.З. снята» - деген анықтама қағаз жіберді. Оған қоса «Соғыс кезіндегі тылдағы еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

1930-1932 жылдары Семей қаласында НКВД-ның карауында, 1938-1940 жылдары тағы да Семейде екі жыл, 1942 жылдан 1949 жылдар аралығын Жамбыл облысындағы Мерке қаласында «халық жауының» әйелі болып, айдауда жүрген Фатима Ғабитоваға бұл бостандық тек княлындағы арман еді. Бас бостандығын алған Фатима Ғабитованы Мұхтар Әуезов үй сатып әперіп, Алматыға көшіріп алды. Мұрат Әуезов мектепке барды. Он бір жылғы қуғын-сүргіннен кейін Фатима Ғабитова өзі кезінде бақытты сезінген сүйікті қаласы Алматыға оралып, ел өміріне араласа бастады. Оның алдында жылдар жылымы айқындаған қыруар істер тұрды. Талай түндерде жастықты жаспен сулатып, көрер таңын көзбен атқызған Кеңес өкіметіне жүрегі жібімесе де, ерекше бір күйге түсті. Өмір күзінің өзегіне түсіп тұрса да, жастық шағындағы көктемнің көк майса иісін сезгендей болды...

Мұхтар Әуезовтің тұңғыш қызы Мұғалимамен ерекше сыйластық қарым-қатынас орнатты. Алтынның сынықтарын ардақтап аялауға кірісті. Бауырмалдық, туыстық, жанашырлық деген түсініктерді сөзбен емес, іспен көрсетті. Талай рет сан соғып, өмір тауқыметін қанша басынан өткізсе де, жылдар жотасына көз салып, айналасындағыларға қолұшып беруден тайынбады. Әсіресе, жеке мұрағатында тығып сақтаған Шәкәрім және тағы

баска «халық жауларының» жекелеген өлеңдерін Есмағамбет Исмаилов тәрізді зерттеушілерге беріп жариялануына септігін тигізді. Заман түзеле Алаш зиялыларын зерттеуші-ғалымдардың бәрі де Фатима Ғабитованың айдауда жүрсе де, жинаған мол мұрасын пайдаланды.

Соғыстан кейінгі барымен базарлы Алматының жүдеу тұрмысы шаттық пен шерді, өкініш пен уанышты талай басынан өткізген Фатима Ғабитоваға онша қиынға соқпады. Табиғаттың бергені мен өмірден алғаны қосарланып, өзі теңділерден көшілгері жүрді. Ол жастайынан бойына сіңген әдеті – оқу-білімге деген күштарлығына қайта басты. Жұмысынан қанша шаршап келсе де, балаларының сабағын тексеріп, тәртіптерін қадағалап, тәлім-тәрбиеге үлкен мән берді. Жақсы кітап оқысаң, тәтті тамақ ішкендей рухани ләззат алуға болатынын балаларына өз өнеге-үлгісімен сіңдіре алды. Көршісі Аркадий Аширбековтің бірнеше мың кітаптан тұратын кітапханасын сатып алып, армандарының бірін орындады. Отбасы болып, кітап оқып, сусындау әдетке айналды. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа айтып, Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесінен үзінділер оқыды. Анасының өлеңге, өнерге деген сүйспеншілігі жас Мұрат Әуезовке үлкен әсер етті. Ол бес жасынан сауатын ашып, анасына еліктеп өлең де жаза бастады.

Балаларға арналған казакша кітапшалардың тапшылығынан әр баласына арнап әңгіме, ертегілер аударды. Жас кездерінде айтпаса да, өсе келе балаларына өмір шындығының ащы дәмімен өзі уыздандырды. Алаш зиялыларының тағдыры жайлы айтып, олардың ұлылықтарын ұлықтады. Балаларынан казак тілінде сөйлеуді талап етті. Ұлдары студент болып Москвадан жазған хаттары казакша болмағанда оқымай қойғаны да бар. Мұрат Әуезовтің достары казакша білсін деп жүз мақал-мәтелді машинкаға басып Москваға жіберген.

Фатима Ғабитова ұлдарын ер азаматтарға тән іскерлікке де баулыды. Қол өнерін өмірдің қажеттілігі деп түсіндірді. Алматы қаласындағы №39 мектепте

Мұрат Әуезовтің еңбек сабағында жасаған балғасы көрмеден бірінші орын алғанда пәләміш жасап, үйіне қонақ шақырғаны да бар.

Бірақ, өткен күндерін еске түсіргенде басқа бір дүниеге еніп кеткендей, көріп тұрып көрмей, тыңдап тұрып естімейтін сәттері де аз болмады. Әсіресе балалары «халық жауы» отбасынан болғандықтан институтқа түсе алмай қала ма деген қорқыныштан арылмады. Балаларын қатал ұстап, оқуын, тәрбиесін қадағалауының артында, осы қорқыныш тұрды. Өйткені институтқа түсетін жастар өмірбаяндарында әке-шешелерінің кім екенін жазуға міндетті еді. Ол уақытта мектеп директоры, оқу–ісі менгерушелері «халық жауларының» балаларын ерекше бақылауға алды. Тіпті демалыс кештерінде кімнің кіммен билегенін қадағалап, тиісті органдарға жеткізіп отырды... Фатима Ғабитова балаларының жастық шақтарының қызығы Қызыл империяның қанды құрығына ілікпесе екен деп тіледі. Шама-шарқынша балаларын қызғыштай қорғады. Амалсыздықтан, күні үшін «кімге жамандық жасасам» деп жалтақтаған сырқынды кулармен жұмыс істеуіне тура келді. Көз жанарынан адам жанының оңы мен солын бірден айқын көре алатын оған «өзі жығылып жатып, сүрінгендерге күлетіндердің» арасында жүру оңайға түспеді.

Алаш зиялыларымен араласып, алыптармен дәм-тұзы жарасқан күндерінің көлеңкесі суығаны жүрегіне шаншу болып қадалып, жанын ауыртты... Десе де, Фатима Ғабитова мойымады. Шындығына көзі жеткен бағытынан тайынбайтын әдетімен, орынды сөздері, білімімен кімді болсын тойтарып, өзін мойындатып жүрді. Әсіресе, партия тәрбиесіне тез бейімделіп, жылпостанып, сұрқияланатын адамдарды ит етінен жек көрді. Өтірік айтқан адам шындыққа ғана қиянат жасап қоймайды, ол ортаны, қоғамды улайды. Болашақтың тамырына балта шауып, сатқын болады. Ал сатқындардың қолынан тек опасыздық келеді...

Фатима Ғабитова 1947 жылы Сақтаған Бәйішевтің «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған

«Профессор М.Әуезов өткендегі қателерінің шыр-мауында» атты мақаласына наразылығын ешкімнен қорықпай ашық айтты. «Абай жолы» эпопеясын сынағандарға да қарсы шықты. «Казахстанская правда» газетінде Никитин дегеннің Мұхтар Әуезовті сынаған пікіріне төмендегі өлең жолдарын арнады.

...Жиырма үш ел тілінде «Абай» берік,

Орнатылған мұнара – нақыш-көрік.

Жазғаны Никитиннің құлата алмас,

Болымсыз, құр дәлелсіз сөзді теріп..

Жалғыздықты сезбегеннің жауы да, досы да жоқ десек те, жалғыздық, жан жалғыздығы тек жаратқанға ғана жарасқан-ау... Фатима Ғабитовада өмірге деген күштарлық шексіз болды. Адамдық қасиеттерін жоғалтпай жүрген адамдармен тез тіл табысты. Ондай адамдармен кездескенде жаны жадырап, сырттайғы салқындығы жылып, пейілінің кеңдігін көрсетер істерге бірден ұласып-ақ кетеді. Шара Жандарбековамен өте жақын, көңілдес құрбы болуы - осының дәлелі. Халық әртісі де НКВД-дан қорықпай, «халық жауларының» балаларын туған күнімен құттықтап, сыйлықтар әкелген. Алакөз органың ызғарын сезіп өскен балаларға, атакты адамның үйлеріне келіп, бастарынан сипағаны, қараңғы жерге шам жаққандай еді.

Тірі жанның көрмейтіні, жетпейтіні бар ма? Аңсаған әділеттіліктің арайлы таңы да атты. 1956 жылы Компартияның XX-шы съезінен кейін «Жеке басқа табынудың зардаптары туралы» қаулысы шықты. Шындыққа жол ашылды.

Ильфа Ілияскызы Жансүгірова 1957 жылғы Қазақстан жазушылар Одағындағы Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров және Бейімбет Майлиндерді ақтауға арналған ашық партия жиналысындағы анасы Фатима Ғабитованың сөзін былай еске алады: «Анам партияның ашық жиналысына мені де ала барды. Жазушылар Одағының мәжіліс залында халықтың көптігінен ине шаншар жер болмады. Өңшең ығай мен сығай. Отыратын жердің жоқтығын көрді ме, әлде басқа ойы болды ма, анам маған «бара бер» деп, өзі кібіртктеп сыртта қалды. Жиналыс жүргізуші

ит Мүсірепов «Жеке баска табынуды» жанын
ғарып, аямай әшкереледі. Сәкен Сейфуллин, Ілияс
сүгіров және Бейімбет Майлиндердің ақталуын
еттілік дей келе, сөзді Фатима Ғабитоваға берді.
сәтте мәжіліс залының қыбыр-жыбыры пышак
кендей шорт үзіліп, жұрттың бәрі қатты да қалды.
аған тыныштық жүректің дүрсілін ғана сездіреді.
Президиумға жакын ашық тұрған есіктен бой-
тәкәшпар тік ұстап, әсем киінген анам асықпай
п келді. Ғадеттерімен бірінші қатарға маңғаз
ғаскандардан береке кетті. Өткен күндердің
ені, кейбір құлқынның құлы болған алаяқтардың
ын қуырып, мазасын алып, бастыра берді.
мінберге бет алмас бұрын бірінші қатарда
рғандарды отты көзімен, сұрланған күйі шола
реп тұрып қалды. Залдағы тылсым тыныштық
ден өлді.

Әлі тыныштықты мінберге бет алған анамның
лиінің өкшелерінің тықылы ғана бұзды. Өкшенің
р тықылы әлдекімдерге келе жатқан ажал
тының сыртылындай болып естіліп жатты...
ніш пен қасіреттің, іштегі азалылықтың ызғары
сіз жібіп, өздігінен жүректі қобалжытты...»

Фатима Ғабитова сөзін әділеттілік үшін күрес
гізіп жатқан Никита Хрущевке алғысын білдіре
е бірінші қатарда отырған акын-жазушыларға
ғидай тиді. «Сен Ілиясты, Сәкенді, Бейімбетті
андап арыз жазып, тұтқындалуына себепші
дың», «Ал сен, Ілиястың өлеңдері мен поэма-
ұрладың», «Ал сен болсаң «Гаврилиада» және
гений Онегин» және басқа да аудармаларын өз
ннан жарияладың. «Қ. сен Ілиясқа жала жабумен
е, бала-шағасын қуып-шығып, пәтерін тартып
ансың», - деп әшкерелей бастады. Аты аталған
тілі акын-жазушы, аудармашылар ләм-мим демес-
«шықпа жаным, шықпа» деп тірі өлікке айналып,
дерімен жер шұқып, салданғандай ғаріптеніп
ра берді... Акмола Халық жаулары әйелдері

баса алмай, көз жастарына ерік берді... Жылдар жылымында қайғы-қасірет зарынан таусылып, суалған көз жастары қайта шықты. Жай шықпады, ағыл-тегіл төгілді... Фатима Ғабитованың зілді шыққан қаһарлы сөздері соттағы қылмыскелерді әшкерелеп айып таққандай өктем шығып, күшейе берді. Мыңдаған жазықсыз жапа шегіп, ар-ұждандары аякка басылып атылған зиялы қауымның барлық жанұя, туған-туыстарының атынан қаныпезер жауыздарға лағнетін айтты... Сатқындарды пышаксыз бауыздап, ардың, жанның сотына тартты...

«Сендер казактың бетке ұстар бар зиялысын жала жауып түрмеде шіріттіңдер. Жандарын жаралап, тәндерін қинап, азапқа салдыңдар. Олардың балашаға, ұрпактары әкелерінің зиратын көруге зар болып жүр, солардың көздеріне қалай қарайсыңдар. Қара жер қалай ғана сендерді көтеріп жүр. «Жалғанның сотынан құтылсаңдар да, Жаратқанның сотынан құтыла алмайсыңдар», - деп сөзін аяқтады. Жүрек сыздап, жан ауырды. Алаш азаматтарын жоқтаған Фатима Ғабитованың заманына, әріптестеріне айтқан назы біткеннен кейін де оның саңқылдаған дауысы ауада көпке дейін қалықтап тұрды... Көпшілікті меңіреулеткен өлі тыныштық біртіндеп тірілейін деді. Санадағы ащы мен қатты жұмсаруға айналды. Жиналысқа қатысып отырған көпшілік жұрт қаншама қиындықты басынан өткерсе де рухы мұқалмаған, батыр, ақын әйелді көрді. Алаш зиялыларының еркесі болған ұлы даланың аяулы қызын көрді...

Алпысыншы жылдарғы саяси жүйенің босаңсуы қоғамды өзгертті. Билік төмендегі бұқара халыққа көз салып, бет бұрды. «Жеке басқа табынуды» әшкерелеу зиялы қауымға күш беріп, шындықтың бет-пердесі ашылайын деді. Халық арасында дәріс оқу, әділеттік жөнінде сөз қозғау, халықаралық мәселелерді талқылау әдетке айналды. Ақталған ақын-жазушылардың шығармалары біртіндеп газет-журнал беттеріне жариялана бастады.

1963 жылдың тамыз айында Мұрат Әуезов «Білім» қоғамының тапсырмасымен еларалап, халықаралық қатынастар жөнінде дәріс оқитын болды. Жолдама

Жамбыл, Талдықорған облыстарын қамтыды. Бұл сапарға көп жылдар туған жері Қапалда болмаған Фатима Ғабитова да баратын болды. Олар Алматыдан Матай станциясына дейін пойызбен келіп, ары қарай жеңіл көлікке мінді. Көліктің ішінде аналы-балалы ұзақ шер таркатты. Қара жолдың қай-қайдағыны еске түсіріп, ойға шомылдырып, жүректің түпкіріндегіні лақылдатып, ақтарып тастайтыны бар ғой. Әңгіме бірден-бірге жалғасып, көсіле, көңіл көтеріп желпіндіріп отырды.

Уақыттың жазбайтыны, орын толтырмайтыны бар ма? Әлі де жүдеулеу болғанымен жол бойында тірлік қамына кіріскен елді мекендер кездесіп қояды. Ес жиылып, тұрмыс түзелейін деген. Тіршіліктегі ғанибетке не жетсін, арлы-берілі сапырылыс көрінеді. Бұрынғыдай емес, елдің беті бері бұрылған. Ара-тұра желі басында үйездеген құлынды биелер де көзге түседі. Күн желкемдеу қоңырайып тұр. Нәті жауын-шашын болатын сияқты. Фатима Ғабитова сөз арасында күн батыс жақтағы шөбі оңып, сұрқай түске енген белеске көз талдыра әлсін-әлсін қарай береді. Машина жылдамдығын күрт баяулатқанда ылқып ескен жел лебімен бірге қышқылтым жусанның иісі келеді. Көңілді толқын тербейді. Бірден жастық шағы көз алдында қолбектеп, жүрегі елжірей, сағыныш оты жанарына шық әкеледі. Кіндік қаның тамып, өскен жердің ауасына не жетсін! Біртіндеп жусан аралас желдің лебінен ылғалданған жер иісі сезілді. Өткендегі бар көрген қызық та, тартқан бейнет те бір сәттік боп, көзді ашып-жұмғандай жоғалды... Баян жүрек, ешкі өлмес, тоғыз құмалақ тауларын көргенде жас балаша жүрегі алып-ұшты.

Алатау бөктеріндегі балалық шағының бесігі Қапал қаласы құшағын жайып, алдарынан шыға келді. Қала көрінгенде аналы-балалының әңгімелері шорт үзілді. Көздің көрінісі тілді байлады.

Қырық жылдан соң Фатима Ғабитова Қапалына келді. Ол армансыз қаланы аралап, әкесі, анасы, толып жатқан туыстарына құран бағыштады. Мазардағы құлпытастар байқалмайды, ессіне торт құлақты бейіттер көбейіпті. Тек қырық жылдан бері

түрін бірде-бір өзгертпей тұрған «Домалак төбе» ғана екенін көрді. Кейін «...менің бала күнімдегідей, жап-жасыл болып, ат-шаптырым тегістіктің ортасында жалғыз өзі отыр», - деп еске алады.

Мұрат Әуезовтің қоңыр дауыспен Қытай жөніндегі жан-жақтылы дәрістері көпшілік жұртқа қатты ұнады. Аналы-балалыға халық шексіз құрмет көрсетті. Фатима Ғабитованың кенже ұлының жетістіктеріне мерейі өсіп, абыройы артты.

Қырық жыл қырғын болса да, елу жылда ел жаңарады. Фатима Ғабитова оңы мен солын түзеп, балаларының бәріне жоғарғы білім алуына көңілі толып, есін жиғаны сол еді. 1966 жылы Мұрат Әуезов Москвада «Жас тұлпар» қозғалысын ұйымдастырып, Алматыда республикалық жиын өткізді. Жазушылар Одағы ғимаратында басталған жиынға бір күннен кейін, компартияның қолынан тәтті тамақ жеп өскен академик-жазушылар қарсы шықты. Сондағы компартияның Орталық аппаратына барып айтқандары: «Алашордалықтардың ұрпақтары Кеңес үкіметін құлату үшін жастарды жинап жатыр. Мұрат Әуезов өкіметтің жақсылығын ұмытып, ұлтшылдық жолға түсіпті» - деген сөз болды. Жастарды қалай нокталауға сылтау таппай жүрген КГБ-ға керегі де осы еді. Мұрат Әуезов бастаған жастұлпарлықтарға қарсы қуғын басталды. КГБ-ның кенже ұлы Мұрат Әуезовтің соңына түскенін көрген Фатима Ғабитова жан ұшырды. Биліктің зорлығынан шайылған жүректі қайтадан қан басты. Тағы не болдының қайғысына тозған жүрек шыдамауға айналды. Өткен күндердің азабы қайтадан сөз беріп, күндіз күлкі, түнде ұйқы қашты. Тіршіліктің ең қиыны аштық та, жалаңаштық та емес, жүрегі тастанып тірі өлікке айналған адамдардың арасында өмір сүру екеніне тағы да көзі жетті. Жаманшылықтың қара бұлты ұлының басына төнгенін көрген аяулы ана шыбын жанын көрме жер таппай, мұң-зарын қағазға түсірді:

Құлады көкпен ақсұңқар,

Жығылды жерде «Жас тұлпар».

Ойран болды өмірім,

Қалымды менің кім ұғар?! - деп акындық мұңын

шакты. Қоғамдағы әділетсіздікке наразылығын білдірді.

Қара жылан, қара жылан,

Тоңирегімді қаптаған...

Жайылымымды жаспаған,

Өрісімді өртеген...

Тыныштық қайда бұлардан?!

Ұлы Мұрат Әуезовтің КГБ-ның бақылауына түскеніне әбден көзі жеткен Фатима Ғабитова төсек тартып ауырып қалды. Ұзақ ауырса да айналасындағыларға жүзінен реніш қалпын білдірмеді, қажырлы қайраттың қалпын байқатты. Бұл оның Ұлылар ұрпақтарына деген махаббаты, шыдамдылығы тағдырымен текетіркесі еді. Адамның қаныпезерлігін, сатқындығы мен жамандығын көп көрген жанға ажалдың аяусыздығы ештеңе емес екен...

Сыркатынан жазылмайтынын көрген соң, көзі тірісінде балаларына өсиет жазып қалдырды. Төрт бөлімнен тұратын өсиетте өзінен кейін балаларының не істеулері керек екені көрсетілген. Мұнда кісілік, азаматтық борыш, бауырластық, рухани және материалдық дүниелер жөнінде өсиет: «Менің ғазиз балаларым, Сендердің алтауыңның да замандарына лайық білімдерің бар. Алтауың да үйлі-жайлы, балалы-шағалысыңдар. Аналарың – мен, артымда сендердей азамат балаларды қалдырғанымға өзімді бақытты аналар қатарында санаймын», - деп басталады.

Бірінші бөлімінде балаларының бір-бірлерін сыйлап, араласып, көмек-жәрдемдерін аямауды айта келе, орысшылап материалый көмектен моральный көмек әлдеқайда құнды деп кетеді.

Екінші, үшінші бөлімдерде айтқан сөздері парасаттылыққа, тәлім-тәрбиеге арналады. Онда төмендегідей жолдар бар: «Уәдеде тұрыңдар! Қолдан келмесе ұмтылмаңдар! Мақтанғаннан, әсіресе бос мақтанғаннан сақтаныңдар! Өздерінді-өздерін құрметтемесеңдер, біреу де сендерді құрметтемес».

Ал, төртінші бөлімі таза рухани мәселелерді қамтиды. Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров және

Мұхтар Әуезовтердің туған күндерін бірге атап өтіп, олардың еңбектерін оқып, творчествосын зерттеп жүрген азаматтарға, құрмет көрсетіңдер дейді.

Ғазиз балаларым!

Естеріңнен шығармаңдар!

Біләл, Ілияс, Мұхтар - бұл үш асыл жан айырылмас дос, мақсаттас, пікірлес жандар еді. Маған бұл үшеуі де бір жандай көрінетін, өйткені бірінде бар қасиет, екіншісінде аумай көрініп тұратын.

Бұл үшеуі де адам баласына жақсылықтан басқаны тілемеді. Бұл үшеуі де өз елдерінің алдыңғы қатардағы елдермен бірдей болуына бар күш-жігерін жұмсады.

Біләл - тек оқу ғана, білім ғана дамыған елдермен теңелтеді деген ұғыммен казак жастарын оқытты. Қазақстанда жоғары дәрежелі мектептер ашты.

Ілияс - казак поэзиясын бұрын-соңды жетпеген биігіне көтерді.

Мұхтар - казак прозасы арқылы казак халқын дүниежүзіне танытты.

Сендер сол асыл жандардың ұрпақтарысыңдар. Осыны ұмытпаңдар! - деп аяқтайды. Бұл жазғандарына Москвада аспирантурада оқитын Мұрат Әуезовке Фонвизин көшесіндегі үйдің бірінші қабатын жалға беріп, ақшасын салып тұрыңдар деп қосымша өсиет жазып ерекше тапсырды. Ол уақытта Мұрат Әуезов «Жас тұлпар» қозғалысына байланысты КГБ-ның бақылауында жүрген болатын... Асыл ана өмірінің соңғы күндерінде Мұрат Әуезовке көп алаңдады. Кітапханасын, жеке мұрағатын қалдырды...

Сол КГБ-ның қуғынынан жүйкесі тозып, күші азайған күйі балалары мен немерелерінің алдында 1968 жылы, 6-шы қаңтарда қайтпас сапарға аттанды...

Фатима Ғабитова жастық шағын, саналы өмірін ХХ ғасырдың ел басына түскен нәубет жылдары өткізді. Бұл 1920-1950 жылдары казак халқы үшін «Ақтабан шұбырындыдағыдай» ең қаралы, ең ауыр, ең азапты «қызыл қырғын» жылдары еді. Бірақ тағдыр оған Алаштың дарқан да жомарт, ержүрек,

намысты азаматтарының ортасында жүруді сыйлады. Қазақтың зиялы қауымының көз тойар, мақтан тұтар Аккуына айналды. Ұлы дала аруларындағы «Ел мұраты үшін жан пида» қасиеттерін тұла бойына сіңдіріп, сұлулықтың символына айналды. Алаш зиялылары жасаған ортаның рухымен өмір сүрді. Сол жолдан қандай қиыншылық кездесе де тайынбады. «Мен алты баланың анасы болсам да, Отанымның құрбанымын. Ешбір жазықсыз мүлкімді алып, өзімді талай жер аударды» десе де, соңғы өлеңдерінің бірінде:

*Қашиама қуғын-сүргін көрсетсе де,
Арналған тағдырыма болдым ырза.
Тек тілеймін ұрнағым өзімдей боп -
Зарламауын жазықсыз тартып жаза, -* дейді.

Таза сезім мен еркіндік санасы болмысында берік орнаған ол, ұлыларды сүйді. Олардың таланттарының ашылуына әсерін тигізді, тірек болды, өзін бақытты әйелмін деп сезінді.

Фатима Ғабитованың абыройы Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров және Мұхтар Әуезов тәрізді біртуар алып азаматтардың жары болып, жеті баланы тәрбиелеуінде ғана емес. Оның абыройы ерлігінде, ақыл–парасаттылығында, махабатты жоғары бағалауында. Ал замана ығына құламай, жанұясын қорғап, қайтпас қайсарлық жасауында рухани тазалықпен бірге тектілік, намысшылдық жатыр. Бүгінгі ұрпаққа Фатима Ғабитова – елдіктің іргесін бекітіп, Тәуелсіз мемлекет болу үшін аянбай күрескен, халқының ризық берекесін өз басының бақытынан артық санайтын Мұрат Әуезовтей азаматты дүниеге әкелуімен қымбатты. Шынымен «Жұмақтың кілті» ардақты, батыр ананың табанының астында жататыны рас болса, Фатима Ғабитованың жаны пейіште болары сөзсіз.

*(Соңы. Басы - «Найзатастың»
2017 жылғы 6-шы санында).*